



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2021 жылғы 30 желтоқсан № 247/нб  
Нұр-Сұлтан қаласы

**Инклюзияны қолдану кабинеттерін  
ашу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы «Білім ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы №726 қаулысына сәйкес және «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!», «Кедергісіз келешек» атты «Nur Otan» партиясының аутистік спектр бұзылыстары бар балаларды қолдау жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында инклюзияны қолдау кабинеттерінің санын көбейту негізінде Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының 2021 жылғы 29 желтоқсанның №839 бұйрығының мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2021 жылғы 01 қыркүйектен бастап инклюзивті білім беруді дамыту үшін инклюзияны қолдау кабинеттері ашылсын.
2. «Болашақ» корпоративтік қорымен аталған мектеп арасында келісім-шарт жасалсын.
3. Білім ұйымдарына ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысы негізінде қабылдансын.
4. Балалардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып білім алуына және оқу бағдарламасының мазмұнына қол жетімдікті қамтамасыз етілсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.А. Карбаеваға жүктелсін.

Директор



А. Сегізбай

Орындаған А. Базарбаева

Бұйрықпен таныстым: Б. Карбаева

➤ Б. Карбаева